

## Микрокредит беру туралы қосылу шарты

Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында, «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі- **Заң**), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде (бұдан әрі- Қазақстан Республикасының заңнамасы), сондай-ақ «Ломбард Goldencapital.kz» ЖШС-ның (бұдан әрі-**Ломбард**) ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жасалатын микрокредит беру туралы стандартты қосылу шарты (бұдан әрі-Шарт) болып табылады және шартқа қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі-**Қосылу туралы өтініш**) қол қойған жеке тұлғалар үшін микрокредиттер берудің стандартты тәртібі мен шарттарын айқындайды. Ломбард пен қарыз алушы (бұдан әрі-**Қарыз алушы**) бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» не жоғарыда көрсетілгендей, төмендегі талаптар бойынша шарт жасасты.

### 1.Шарттың жалпы талаптары

1.1. Ломбард Қарыз алушыға осы Шартта және қосылу туралы өтініште белгіленген тәртіппен жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүліктің кепілімен микрокредит береді. Микрокредит ақылы, жеделдігі және еселігі шарттарында беріледі.

1.2. Қарыз алушы Қосылу туралы өтінішке өз қолын қою арқылы не Шарттың 8-тарауында көрсетілген талаптар бойынша Шартқа қосылады.

1.3. Қосылу туралы өтініш пен Шарт бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады және «Микрокредит беру туралы қосылу шарты» деген бірыңғай ұғымды құрайды.

1.4. Қарыз алушының қосылу туралы өтінішке қол қойған күні және микрокредит беру күні Шартты жасасу күні болып табылады.

1.5. Шарттың қолданылу мерзімі таңдалған тарифтік жоспардың талаптарына сәйкес қосылу туралы өтініште айқындалады.

1.6. Қосылу туралы өтініште оылу туралы өтініштің жасалған күні мен орны, нөмірі, микрокредиттің жалпы сомасы, микрокредит (кепіл) заты, салмағы, артық төлем сомасы, өтеу мерзімі, сыйақы мөлшерлемесінің жылдық (күн) пайыздық мөлшері, сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшері, микрокредитті өтеу тәсілі, өтеу әдісі (микроркедитті беру қағидаларына сәйкес), негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақы төлегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібі және пайызы, Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуі (ол болған кезде), Шарттың қолданылу мерзімі, Ломбардтың пошталық және электрондық мекенжайы туралы ақпарат, ресми интернет-ресурс (ол болған жағдайда) туралы деректер, Қарыз алушының тіркелген не тұрғылықты жерінің мекенжайы көрсетіледі.

1.7. Кепілдік мүлікті сақтандыру талап етілмейді.

1.8. Микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі: тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), кредит бойынша мерзімі өткен сыйақы, мерзімі өткен негізгі қарыз.

1.9. Микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтер: «Мақсатсыз».

1.10. Қарыз алұшының Шарт бойынша міндеттемелерді орындауы жылжымалы мүлік кепілімен қамтамасыз етіледі.

1.11. Қарыз алұшы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Ломбард тарапынан қабылдайтын шаралар: микрокредит беру туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету болып табылатын кепіл нысанасын өткізу сауда-саттықсыз және микрокредитті өтеу мерзімі өткеннен кейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

1.12. Ломбард шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға берген кезде кредитордың Шарт шеңберіндегі Қарыз алұшымен өзара қарым-қатынасына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алұшының құқық (талаптар) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады.

1.13. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 45 (қырық бес еселенген) мөлшерінен аспайтын мөлшерде 45 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге жасалған Шарт келесідей талаптарға сәйкес келеді:

1.13.1. микрокредит сомасын қайтару және (немесе) Шарт бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайызынан аспауы тиіс;

1.13.2. жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшері күніне кемінде 0,3% - но құрайды, бірақ 179% - дан аспайды;

1.13.3. микрокредит нысанасын қоспағанда, Шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын қоса алғанда, Қарыз алұшының Шарт бойынша барлық төлемдері жиынтығында Шарттың бүкіл қолданылу кезеңі үшін берілген микрокредит сомасының жартысынан аспауы тиіс;

1.13.4. Тараптардың келісімі бойынша қолданыстағы немесе жақсартатын талаптардағы Шарттың қолданылу мерзімін күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге ұлғайтуға жол беріледі.

1.14. Микрокредитті өтеу тәсілі: Ломбард кассасы арқылы қолма-қол ақшамен микрокредит мерзімінің соңындағы біржолғы төлеммен.

1.15. Микрокредитті өтеу әдісі: микрокредит беру қағидаларына сәйкес-микрокредит мерзімінің соңындағы біржолғы төлем.

1.16. Жылдық сыйақы мөлшерлемесі 360 күнге тең күнтізбелік жыл, ал 30 күнге тең ай негізінде есептеледі. Сыйақыны есептеу мерзімін есептеу Қарыз алұшыға микрокредит берілген күннен кейінгі күннен басталады.

1.17. Кепіл заты Қосылу туралы өтініште көрсетілген тиісті талаптарға сәйкес Қарыз алұшының міндеттемелерін орындағанға дейін Ломбардта болады;

1.18. Микрокредит беру туралы Шарт бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі келесідей формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

бұл жердегі:

n-қарыз алушыға берілетін соңғы төлемнің реттік нөмірі;  
j-қарыз алушыға берілетін төлемнің реттік нөмірі;  
Sj-қарыз алушыға j-ші төлемнің сомасы;  
APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;  
tj -микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j-ші төлем жасалған сәтке дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);  
m-қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;  
i-қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;  
Pi-қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;  
ti-микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

1.19. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қатысы жоқ жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдардың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызынан 90 күн ішінде аспауы тиіс, бірақ микрокредит беру туралы шарттың қолданылуының әрбір жылы үшін берілген микрокредит сомасының пайызы оннан аспауға тиіс.

1.20. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 45 (қырық бес еселенген) мөлшерінен асатын мөлшерде 45 күнтізбелік күннен асатын мерзімге жасалатын микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшері 46% құрайды.

## **2. Қарыз алушының құқықтары**

Қарыз алушының:

2.1. Микрокредит беру шарты және қағидаларымен, микрокредит беру жөніндегі Ломбард тарифтерімен танысуға;

2.2. алынған микрокредитке Шартта белгіленген тәртіппен және шарттарда иелік етуге;

2.3. өз құқықтарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қорғауға;

2.4. Шарт бойынша берілген микрокредит сомасын Ломбардқа мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;

2.5. егер негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне сәйкес келген жағдайда, негізгі борышты және/немесе сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемеуге. Бұл ретте Ломбард бөлімшелері күн сайын демалыс және мереке күндерінсіз жұмыс істейді.

2.6. Ломбардтың шарт талаптарына өзгерістер енгізу жөніндегі шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде немесе заңның 9-2-бабының 3-тармағында көзделген мерзімде талаптарды өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде бұл туралы Ломбардты бір мезгілде хабардар ете отырып, қаржы омбудсманына жүгінуге;

2.7. көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша жүгінуге құқылы.

2.8. Ломбардтан Шарттың 5.12-тармағында көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде немесе Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен кезде, Ломбард бөлімшесіне барып, жазбаша нысанда не 8-778-0-999-444 нөміріне SMS, WhatsApp-хабарлама немесе қосылу туралы өтініште көрсетілген бөлімшенің ұялы телефоны арқылы ұсыну, info@goldencapital.kz эл.поштасына Шарт бойынша міндеттемені орындауды кешіктірудің себептерін, осындай кешіктірудің туындауына әкеп соққан кірістері туралы мәліметтерді қамтитын өтініш және басқа да расталған мән-жайларды (фактілер) көрсете отырып, Шарт талаптарына өзгерістер,

соның ішінде келесідей енгізу туралы өтініш беруді негіздейтін мәліметтер ұсынылған өтінішті жолдауға құқылы:

- Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына қарай өзгерту арқылы;

- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру арқылы;

- микрокредит мерзімін өзгерту арқылы.

2.9. микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және шынайы ақпарат алуға;

2.10. Шарт жасасудан бас тартуға;

2.11. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

### **3. Қарыз алушының міндеттері**

Қарыз алушы:

3.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Шартқа сәйкес Ломбард сұратқан құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға.

3.2. алынған микрокредитті қайтаруға және сыйақыны, ол бойынша айыппұл/өсімпұл сомасын шартта белгіленген мерзімдер мен тәртіппен төлеуге;

3.3. тұрғылықты жері, ұялы телефон нөмірі, электрондық мекенжайы, жеке басын куәландыратын құжаты немесе Шарт талаптарын орындау үшін маңызды болып табылатын өзге де өзгерістүлер болған сәттен бастап күнтізбелік 5 күннен кешіктірмей ол туралы Ломбардқа: Ломбард бөлімшесіне жеке бару және жазбаша өтініш арқылы; 8-778-0-999-444 нөміріне SMS, Whatsapp хабарламасы арқылы немесе қосылу туралы өтініште көрсетілген бөлімшенің ұялы телефоны; немесе [info@goldencapital.kz](mailto:info@goldencapital.kz) электронды поштасына хабарлама арқылы хабарлауы;

3.4. Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды орындауға міндетті.

### **4. Ломбардтың құқықтары**

Ломбард:

4.1. Қарыз алушыдан микрокредит беру туралы шарт жасасу және ол бойынша микрокредит беру қағидаларында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;

4.2. Қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін жинауға;

4.3. Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге;

4.4. Қарыз алушының келісімінсіз шарт бойынша құқықты (талапты) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес үшінші тұлғаға беруге;

4.5. Шарттың 3.3-тармағына сәйкес басқа ақпарат алынбаған жағдайда қосылу туралы өтініште көрсетілген деректер шынайы және өзекті болып саналады. Ломбард өзіне белгілі нөмірге/мекенжайға жіберетін хабарламалар, шағымдар және өзге де ақпарат Қарыз алушы тиісінше жіберген және алған болып есептеледі.

4.6. Шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін кепіл мүлкін өткізуге;

4.7. осы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

### **5. Ломбардтың міндеттері**

Ломбард:

5.1. Қарыз алушыны оның микрокредит алу жөніндегі құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдары туралы хабардар етуге;

5.2. Шарттың 4.4-тармағына сәйкес Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру шартын жасасу кезінде:

- Шарт бойынша Қарыз алушыны кредитордың құқықтарын (талаптарын) жоспарланып отырған басқаға беру туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу (беру) туралы хабардар етуге;

- Басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Қарыз алушыны Шарт бойынша құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өткен ауысуы туралы, Шарт бойынша үшінші тұлғаға одан әрі төлемдерді жүзеге асыру қажеттігін не Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқаруға берген жағдайда – сервистік компанияға, берілген құқықтардың (талаптардың) көлемін, Шарт бойынша берешектің мөлшері мен құрылымы және төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып хабарлауға;

5.3. қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтерді хабарлауға;

5.4. микрокредит беру құпиясын сақтауға;

5.5. Ломбардтың орналасқан жері не оның атауы өзгерген жағдайда, ол туралы Қарыз алушыны ломбардтың орналасқан жері бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі екі баспа басылымында, сондай-ақ қарыз алушының заңды мекенжайы бойынша тиісті ақпаратты жариялау жолымен не осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмейтін мерзімде әрбір қарыз алушыны жазбаша хабардар ету жолымен жазбаша хабардар етуге;

5.6. Шарттың және микрокредиттер беру қағидаларының көшірмесін Қарыз алушының, оның ішінде Ломбардтың интернет-ресурсында көруге және танысуға қолжетімді жерде, ол болған кезде орналастыруға;

5.7. Қарыз алушының өтініші бойынша өтінішті алған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде берешектің болуы не болмауы туралы анықтама ұсынуды;

5.8. кепіл затын микрокредитті өтеу мерзімі өткен күннен кейін кемінде күнтізбелік 30 күн сақтау;

5.9. Шарттың 4.3-тармағына сәйкес Ломбард жақсартатын шарттарды қолданған жағдайда, Шарт талаптарының өзгергені туралы Қарыз алушыны хабардар етуге;

5.10. 45 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге жасалатын шарттарды қоспағанда, Қосылу туралы өтінішке Тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесін қоса беруге;

5.11. Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмейтін мерзімде Қарыз алушыны Шарт бойынша ақшалай міндеттемені орындау бойынша мерзімнің тұындағаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы; Ломбард хабарлама жіберген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Шартқа өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен оған жүгінудің құқығы туралы; Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар етуге;

5.12. Шарттың 5.11-тармағында көрсетілген хабарлама Қарыз алушыға көрсетілген тәсілдердің бірімен жіберіледі: Қарыз алушы көрсеткен тұрғылықты мекенжайына не SMS, WhatsApp/Telegram/Viber және басқа да хабарламалар арқылы немесе электрондық пошта мекенжайына жіберуге;

5.13. Қарыз алушыдан Шарт талаптарын өзгерту туралы өтінішті (ұсынысты) алған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде қарауға және Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы; Шарт талаптарын өзгерту жөніндегі қарсы ұсыныс туралы; осындай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешімдердің бірі туралы жауап жіберуге

**міндетті.** Өтінішті дұрыс қарау үшін мәні бар нақты міндеттемелерді белгілеу қажет болған жағдайда, қарау мерзімі 15 жұмыс күніне ұзартылады, бұл туралы клиентке өтінішті қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.

5.14. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

## **6. Ломбард үшін шектеулер**

Ломбард:

6.1. сыйақы мөлшерлемелерін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және/немесе микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;

6.2. Қарыз алушыдан Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделмеген кез келген төлемдерді белгілеуге және алып қоюға;

6.3. Қарыз алушыдан Ломбардқа микрокредит сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін басқа да төлемдерді мерзімінен бұрын толық немесе ішінара талап етуге;

6.4. Шарт мерзімі аяқталғанға дейін кепілге қойылған заттарды пайдалануға және оларға билік етуге;

6.5. Қарыз алушының микрокредиті бойынша негізгі қарызы және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімін кешіктірудің қатарынан 90 күнтізбелік күні өткеннен кейін есептелген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге;

6.6. Шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайтуға;

6.7. Негізгі қарызды және/немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе және негізгі қарызды және/немесе сыйақыны төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алуға. Бұл ретте Ломбард бөлімшелері күн сайын демалыс және мереке күндері де жұмыс істейді.

6.8. теңгемен берілген Шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып индекстеуге;

6.9. жеке тұлғамен жасалған Шарттың қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және Шарт талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін талаптарды ұлғайтуға құқығы жоқ.

## **7. Тараптардың міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігі**

7.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Шартқа сәйкес жауапты болады. Бұл ретте, Қарыз алушының орындау мерзімі бар Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін есептеледі.

7.2. Шарттың талаптарында көзделмеген барлық басқа жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

## **8. Шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі**

8.1. Тараптар Шарт талаптарына қосымша келісім жасасу арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы, олар осы Шарт Тараптарының қатынастарына ғана қолданылатын болады.

8.2. Тараптардың келісімі бойынша Шарттың қолданылу мерзімінің ұлғайту (ұзарту) үдерісі оның сыйақы және тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) сомаларының рұқсат етілген шектеріне қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына қайшы келмейтін жағдайда мүмкін болады.

8.3. Қарыз алушы Шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін Ломбард Қарыз алушыға ұқсас не өзгертілген талаптарда микрокредит беру туралы жаңа Шарт жасасу туралы ұсыныс (оферта) жіберуге құқылы екендігімен келіседі.

8.4. Мұндай ұсыныс (оферта) Қарыз алушыға:

8.4.1. SMS-хабарламалар;

8.4.2. WhatsApp/Telegramm / Viber және т. б. хабарламалар;

8.4.3. жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы қашықтан жіберіледі.

8.5. Оферта акцепті (Тараптардың бірінің Шарт талаптарын қабылдауы) деп танылады:

8.5.1. SMS-хабарламасы арқылы растау;

8.5.2. WhatsApp/Telegramm / Viber және басқа хабарламалар арқылы растау;

8.5.3. Ломбардқа «Kaspi Bank» АҚ-ның қосымшасы арқылы Шарт бойынша сыйақы сомасын төлеу.

8.6. Тараптар Қарыз алушының Шарттың 8.5-тармағында көрсетілген әрекеттерін, оның ерік-жігерін тиісті түрде білдіру және өз қолымен қол қоюдың баламасы деп таниды.

8.7. Қарыз алушы әрбір келесі Шарттың нақты талаптары оған қашықтан жеткізілетінімен және акцепт (Шарт талаптарын қабылдау) жолымен қабылданатынымен келіседі.

8.8. Ломбард Қарыз алушының акцептін алған сәттен бастап (Шарт талаптарын қабылдау) микрокредит беру туралы жаңа Шарт жасалды деп есептеледі.

8.9. Шарт жасасудың дәлелі:

8.9.1. хабарламаларды жеткізу/жіберу туралы есеп;

8.9.2. растау туралы деректер (SMS-кодтар, IP, уақыт);

8.9.3. сыйақы төлеу бойынша төлем туралы мәліметтер.

## 9. Өзге талаптар

9.1. Мүлік кепіл нысанасы болып табылған жағдайда ол осы мүліктің меншік иесі басқа тұлға болып табылатындығына не әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзудың жасағаны үшін санкция түрінде заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен іс жүзінде алынып, осы мүлікке қатысты кепіл тоқтатылады. Мұндай жағдайларда Ломбард сыйақы, айыппұл/өсімпұл сомаларын есептеуді қоса алғанда, кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені мерзімінен бұрын орындауды талап етуге құқылы.

9.2 Ломбард кепіл затының жоғалуын немесе зақымдануын еңсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдемеген жағдайда, кепіл нысанасының жоғалуы мен бүлінгі үшін оны бағалау сомасы шегінде жауапты болады.

9.3. Қарыз алушының Қосылу туралы өтінішке және оның барлық ажырамас бөліктеріне қол қоюы Қарыз алушының Ломбардқа өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және пайдалануға қажетті ақпаратты (Ломбард дерекқорының массивтерінде қағаз/электрондық жеткізгіштерде жинауды, өңдеуді және сақтауды қоса алғанда) беруге, сондай-ақ кредиттік бюродан ақпарат алушыға кейіннен ашылатын кредиттік бюроға қарыз алушының сипаттағы қаржылық және басқа да міндеттемелерге қатысты ақпаратты беруге келісімін білдіреді..

9.4. Шарт бойынша және/немесе оған байланысты Тараптар арасында туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара келіссөздер арқылы реттеледі. Даулар мен келіспеушіліктерді өзара келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қарағанды облысының Қазыбек би атындағы ауданының №2 аудандық сотында немесе Ломбардтың таңдауы бойынша өзге де сотта қаралуына Ломбардтың құқығы бар және Қарыз алушы онымен келіседі.

9.5. Шартқа және/немесе Қосылу туралы өтінішке кез келген қосымшалар мен толықтырулар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Шартқа енгізілген кез келген өзгерістер, толықтырулар мен қосымшалар жазбаша нысанда жасалған және екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған, оның ішінде Шарттың 8.5-тармағындағы талаптарын ескерілген жағдайда күшіне енеді.

9.6. Тараптар Шарт бойынша өзара міндеттемелерді толық және уақтылы

орындау мақсатында бір-бірін мекенжайлары мен деректемелердің өзгеруі, қайта ұйымдастыру, тарату және заңды мәртебедегі өзге де өзгерістер туралы хабардар етуі тиіс.

9.7. Шарттың қандай да бір бөлігін жарамсыз деп тану оның басқа бөліктерінің жарамсыздығына әкеп соқпайды.

9.8. Тараптар Қарыз алушының жеке қатысуынсыз-ақ қашықтан байланыс құралдарын пайдалана отырып, өзара іс-қимыл жасау, құжаттармен алмасу және шарттар жасасу мүмкіндігі туралы ұағдаласты.

9.9. Ломбард Қарыз алушыға осы тармақшада көрсетілген кез келген тәсілмен жіберген барлық хабарлаулар, талаптар, хабарламалар және басқа да мәлімдемелер қашықтан өзара іс-қимыл жасау құралдарына жатады, жазбаша нысанда орындалған және тиісінше жіберілген болып есептеледі: Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына; Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша тапсырыс хатпен, оның ішінде кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алғаны туралы хабарламасы; SMS, WhatsApp/Telegramm/Viber және басқа да хабарламалар арқылы; телефон байланысы арқылы; интернет ресурсы және Қарыз алушы көрсеткен өзге де байланыс арналары арқылы.

9.10. Тараптар жіберген барлық хабарламаларды екінші Тарап алған деп есептеледі:

9.10.1. егер олар жеке өзіне табыс етілген жағдайда, хабарламаның көшірмесінде немесе телнұсқасында алушы Тарап (кез келген қызметкер) алған күні көрсетілсе;

9.10.2. егер олар пошта арқылы немесе күрьерлік қызмет арқылы тапсырыс хатпен жіберілсе, оны алушыға тапсыру туралы хабарлама күні, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алса; немесе

9.10.3. егер олар электрондық пошта немесе мессенджерлер арқылы жіберілсе (WhatsApp/Telegramm/Viber және т. б.) – сервер/бағдарлама/оператор тіркеген хабарламаны жеткізу күні көрсетілсе;

9.10.4. егер олар SMS-хабарлама және/немесе push-хабарлама арқылы көрсетілген ұялы телефон нөміріне – SMS және/немесе push - хабарлама жіберілген күні жіберілсе.

Осы тармақшада көрсетілген кез келген тәсілмен жіберілген барлық хабарлаулар, талаптар, хабарламалар және басқа да мәлімдемелер жазбаша нысанда орындалған және тиісінше жіберілген болып есептеледі.

9.11. Ломбард Қарыз алушының келесі өтініштерімен жұмысты жүзеге асырады:

9.11.1. қолма-қол, алғаны туралы қол қойылған жазбаша өтініштермен; пошта байланысы арқылы; Ломбардтың электрондық поштасына және ақпараттандыру объектілеріне;

9.11.2. егер өтініш пошта немесе күрьерлік қызмет арқылы тапсырысты хатпен жіберілсе;

9.11.3. телефон арқылы және Қарыз алушы Ломбард бөлімшесіне тікелей барған кезде келіп түскен ауызша өтініштер.

9.12. Ломбардқа ауызша нысанда келіп түскен өтініштер (телефон арқылы немесе Қарыз алушының Ломбард бөлімшесіне жеке өзі барған кезде) дереу қаралады және егер мұндай мүмкіндік болса, онда Қарыз алушының ауызша өтінішіне жауап дереу беріледі. Ауызша түскен өтінішті дереу шешу мүмкін болмаған жағдайда, оны Қарыз алушы жазбаша нысанда баяндайды және онымен жазбаша өтініш ретінде жұмыс жүргізіледі. Қарыз алушы жауап алу үшін қажетті рәсімдер туралы және осындай өтініштерді қарау мерзімдері туралы хабардар етіледі.

9.13. Ломбард өтінішті қарау кезінде ұсынылған ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда Қарыз алушыдан қосымша құжаттар мен мәліметтерді сұратады.

9.14. Ломбард Қарыз алушының өтініштерін объективті, жан-жақты және уақтылы қарауды қамтамасыз етеді, Қарыз алушыға өтініштерін қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы хабарлайды.

9.15. Қарыз алушының Ломбардқа хабарламаған байланыс деректерінің, деректемелерінің және/немесе Шарттың 3.3-тармағына сәйкес өзге де ақпараттың өзгеруінен туындаған салдарынан Ломбард хабарламаларын алмағаны немесе уақтылы алмағаны үшін жауапты болмайды.

9.16. Қарыз алушы өзіне хабарламаларды жіберу және (немесе) алу мақсаттары үшін жедел байланыс құралдарын пайдалануға байланысты тәуекелдерді, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: алаяқтық, жіберілген ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, Қарыз алушының хабарламаларды алмауы немесе уақтылы алмауы, жедел байланыс құралдарының жұмысындағы іркілістерден және (немесе) хабарламаларды беру немесе алу үшін пайдаланылатын жабдықтың жұмысындағы ақаулардан туындаған ақпаратты Қарыз алушы немесе Ломбард алғанға дейін жоғалтуы тәуекелін қабылдайды.

9.17. Шарт микрокредит беру туралы барлық шарттардың қолданылу мерзімі ішінде оларға қол қойылған сәттен бастап, оның ішінде Қосылу туралы өтінішке қол қойылған күннен бастап заңды күшіне ие.

9.18. Шарт қазақ және орыс тілдерінде жасалды, олардың әрқайсысы Тараптар үшін бірдей заңдық күшке ие. Мәтіндер әртүрлі оқылған жағдайда орыс тілінде жазылған мәтінді басшылыққа алу қажет.

## **10. Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері және қолдары**

10.1. Ломбардтың заңды (пошталық) мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы аудан, Құрылысшылар даңғылы, 22-үй

БСН: 191240017398

E-mail: [info@goldencapital.kz](mailto:info@goldencapital.kz)

Сайт: [www.goldencapital.kz](http://www.goldencapital.kz)

10.2. Қарыз алушының тіркелген орны не тұрғылықты жерінің мекенжайы, оның ұялы телефоны және Шарт жасасу үшін қажетті Қарыз алушының өзге де деректері Қосылу туралы өтініште көрсетіледі.